

Шымкент қаласы бойынша Тексеру комиссиясымен жүргізілген «Шымкент қаласының қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз етуге бөлінген бюджет қаражатының пайдалануына аудиторлық іс-шарасының қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды алдағы уақытта болдырмау мақсатында аудит объектілерінің және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның жауапты қызметкерлерімен өткізілген «Дөңгелек үстел» семинар кеңестің

ХАТТАМАСЫ

Шымкент қ.

№ 61

08 қараша 2022 жыл

Тексеру комиссиясының төрағасы: Н.А.Налибаев төрағалық етті.

Хатшы - Д. Кенже

Қатысқандар: Тексеру комиссиясының мүшелері М.Т.Балқыбеков, А.Е.Балықбаев, Н.А.Абдеев, Ж.Ж.Сәдібеков және тексеру комиссиясының мемлекеттік аудиторлары.

«Дөңгелек үстел» семинарға қатысқандар (әрі карай-семинар): «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі «Шымкент қаласының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің қаржылық қамтамасыз ету басқармасының басшысы Баянов Бахтияр Сәбденұлы, бас есепшісі Асан Ерболат Қалхожаұлы және жетекші маман Жаппарова Ғалия Акиловна.

Күн тәртібі:

1. Аудит барысында анықталған бұзушылықтарды талдау және оларды болдырмау.

Баяндамашы: Тексеру комиссиясының мүшесі А.Балықбаев.

Тыңдалғаны: А.Балықбаев өз баяндамасында аудит қорытындысы бойынша анықталған жүйелі кемшіліктерге тоқталды:

Бұл, Полиция департаменті тарапынан бюджет қаражатын жоспарлау және игеру кезінде 946 млн 842,5 мың теңге құрайтын бұзушылықтарға жол берілгені анықталған, оның ішінде 159 млн 235,2 мың теңге қаржылық бұзушылықтар, 703 млн 153,0 мың теңге бюджет қаражат тиімсіз жоспарланған, 84 млн 451,3 мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз пайдаланылған, сондай-ақ саны 14 бірлікті құрайтын рәсімдік бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берілген.

Бюджет қаражатын пайдалану кезінде бюджет заңнамасының және қолданыстағы өзге де заңнама талаптарының сақталмауы бойынша барлығы 159 235,2 мың теңге өндіруге және қалпына келтіруге жататын қаржылық бұзушылықтар анықталса, оның ішінде 2 млн 569,3 мың теңгесі аудит барысында өндірілген. Бүгінгі таңға жалпы өндірілетін қаржының қалдығы 4 млн 345,9 мың теңгені, ал қалпына келтіруге 152 млн 320,0 мың теңгені құрайды.

«Шымкент қаласын 2021-2025 жылдарға дамыту жоспарын» іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының іске асыру бойынша үйлестіру жұмыстары басқару мен өзара іс-қимылдары Полиция департаментімен тиісті деңгейде қамтамасыз етілмеген, осыған жоспарлы нәтиже көрсеткіші дұрыс жоспарланбаған деп атап өтуге болады.

Бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкі нәтижелері тиісті деңгейде жоспарланбаған, бұл өз кезегінде нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігін бағалауды қиындатады және іске асырылуы туралы есептің сапасыз толтырылуына жол берілгендігін атап өтті.

Сонымен қатар, аудит объектісі тарапынан «Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есептің» сапасыз толтырылуына жол берілген.

Полиция департаментімен аудитпен қамтылған мерзімінде 703 млн 153,0 мың теңге бюджет қаржысы тиімсіз жоспарланған, ал 84 млн 451,3 мың теңгеге бюджет қаражаты тиімсіз пайдаланылған.

Бұл өз кезегінде, Полиция департаментімен бюджетті жооспарлау кезінде жүйелі жұмыстың жоқтығын, Департаменттің құрылымдық басқармаларының өзара байланыса жұмыс жасамайтындығының және жоспарланған қаржылардың уақытылы жұмсалыуына қадағалау жасалынбаудың көрінісі болып табылады.

Сонымен қатар, 152 млн 320,0 мың теңге жұмсалған 7 дана мобильді пунктiнiң тек 2-i ғана полиция қызметкерлерiне пайдалануға берiлген, қалған мобильді пункттерi мүлдем жұмыс атқармайды. Осы мобильді пункт нысандары бойынша келісімшарттың техникалық ерекшеліктерінде көзделген жұмыстардың бiрқатары атқарылмағанына және техникалық ерекшеліктерде көрсетiлген өлшемшарттарға сәйкес келмейтiндiгiне қарамастан, Полиция департаментiнiң жауапты лауазымды тұлғалары орындалған жұмыстарды қабылдау актiсiне қол қойып растаған.

Сондай-ақ, бюджеттік өтiнiмдер бойынша тиiстi бағытта қолдану үшiн қажет деп сатып алынған тауарлы-материалдық құндылықтар тиiстi жұмыс бағытында пайдаланылмаған. Сәйкесiнше, осы бағытта жұмсалған 61 млн 831,6 мың теңге бюджет қаржысы тиiмсiз пайдаланылған.

Полиция департаментi тарапынан жалпы 90 жағдайда еңбек жалақысы мен екi айлықақы мөлшерiнде сауықтыруға арналған жәрдемақының асыра төлеу фактiлерiне жол берiлген, оның iшiнде 44 жағдайда 4 млн 474,9 мың теңгеге екi айлықақы мөлшерiнде сауықтыруға арналған жәрдемақының қайта немесе асыра төленген және 15 жағдайда 823,0 мың теңгеге еңбек


жалақысы артық немесе негізсіз төленген, ал 31 жағдайда 6 млн 439,0 мың теңгеге екі айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы екі рет дұрыс емес төленіп, 2019 жылдың соңында және 2020-2021 жылдары кассаға қайтып құйылып, жергілікті бюджетке қайтарылғанына тоқталды.

Сөз сөйледі: «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі «Шымкент қаласының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің қаржылық қамтамасыз ету басқармасының басшысы Баянов Бахтияр Сәбденұлы, бас есепшісі Асан Ерболат Қалхожаұлы және жетекші маман Жаппарова Ғалия Акиловна талқыланып отырған мәселеге байланысты өз ой-пікірлерін айтып өтті.

Баяндамашы және сөз сөйлегендер бюджеттен бөлінген қаржыларды, мемлекеттік аудит объектісі бойынша бюджет қаржыларын жоспарлану және пайдалану тиімділігі мен қаржылық есептілікті жасау барысында жиі қайталанатын бұзушылықтарға тоқталып, алдағы уақытта оларды болдырмау мақсатында қаржы қызметкерлері тарапынан атқарылатын іс-шаралар туралы өздерінің пікірлері мен ұсыныстарын талқыға салды.

Семинар қорытындысымен шешім етті: Баяндамашының, қосымша сөз сөйлегендердің ұсыныс-пікірлері және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің талаптары, Мемлекеттік сатып алу Заңының талаптары, Бухгалтерлік есеп туралы Заңының талаптары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген "Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қағидаларының талаптары, Бюджет қаражатының жоспарлау және пайдалану кезінде тиімділік және нәтижелілік қағидаттарын сақтау мақсатында, әрі бюджеттік өтінімдердің сапалы әзірленуін қамтамасыз ету үшін бюджеттік заңнама талаптарына түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Семинар кеңес төрағасы



Н. Налибаев

Хатшы



Д. Кенже



(А. Баймұраев)



(Е. Плещайев)